

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор Биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2017 жылдың 04 қазанындағы
№ 97 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л д і

2017 жылдың 05 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитет туралы ҚАҒИДА

Алматы.қ

2017

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2018 жылдың 20 наурыздағы № 27 отырыс хаттамасы);
- 2018 жылдың 01 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 Толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылдың 14 мамырдағы № 58 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 15 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2020 жылдың 05 маусымдағы № 75 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 08 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2021 жылдың 08 сәуірдегі № 34 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 09 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылдың 10 наурызындағы № 36 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 11 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылдың 26 қазанындағы № 122 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 02 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2024 жылдың 23 ақпанындағы № 27 отырыс хаттамасы);
- 2024 жылдың 23 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2024 жылдың 26 қарашасындағы № 140 отырыс хаттамасы);
- 2024 жылдың 27 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитет туралы Қағида (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитетті (бұдан әрі – Комитет) қалыптастыру тәртібін, оның функцияларын, комитет мүшелерінің құрамын, құқықтары мен жауапкершілігін және оның қызметінің регламентін анықтайды *(осы кіріспе Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы шешімімен толықтырылды және Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Комитет Биржа Басқармасының шешімімен құрылатын, Биржа Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін, алқалы орган болып табылады, оның міндеті қаржы нарықтарындағы жағдайға, Биржаның, оның контрагенттерінің – Биржаға мүшелерінің, клирингтік қатысушылардың, эмитенттер мен инвесторлардың қызметіне байланысты тәуекелдерді талдау, мониторинг, анықтау және басқару, сондай-ақ Биржа басқармасына ұсынымдар дайындау болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы және 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімдерімен өзгертілді)*.
2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, осы Қағиданы, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын және тәуекелдерді басқару жүйесінің мәселелері бойынша халықаралық институттардың ұсынымдарын басшылыққа алады.
3. Комитет Биржа Басқармасына есеп береді және осы Қағидаға сәйкес Биржа Басқармасы берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.
4. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен алынып тасталды)*.

2 бап. Комитет Құрамы

1. Комитет құрамына кіреді:
 - 1) Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен анықталған Биржа Басқармасының кемінде екі мүшесі;
 - 2) Биржаның клиринг, мониторинг, тәуекелдерді басқару және қазынашылық бөлімшелерінің басшылары;
 - 3) Биржа мен Клиринг орталығы арасында жасалған келісімдерге/келісім-шарттарға сәйкес, оның ішінде Биржаның тиісті сұрау салуы негізінде Комитет құрамына енгізу үшін Клиринг орталығы ұсынған "KASE Клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Орталық) қызметкерлері қатарынан шақырылған сарапшылар.
 - 4) Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен анықталған, Биржаның басқа да қызметкерлері.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы, 2021 жылдың 08 сәуірдегі және 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілді)

2. Комитет төрағасы Биржаның Басқарма мүшесі болып табылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілді)*.
3. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен алынып тасталды)*.

4. Комитет Төрағасы Комитет қызметіне басшылық етумен қатар мынадай функцияларды жүзеге асырады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Комитеттің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
 - 3) Комитет отырыстарының күн тәртібін бекітеді;
 - 4) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
 - 5) Комитет отырыстарын өткізу нысанын айқындайды;
 - 6) Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;
 - 7) Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөледі, оларға және Комитет хатшысына комитет отырысында қарау үшін мәселелерді зерделеуге және дайындауға байланысты тапсырмалар береді;
 - 8) Комитет шешімдерінің орындалуын бақылайды.
5. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
6. Комитет жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды биржа қызметкерлерінің арасынан тағайындалған Комитет хатшысы жүзеге асырады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы, 2020 жылдың 05 маусымдағы және 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімдерімен өзгертілді).*
7. Комитеттің хатшысы болмаған жағдайда оны ауыстыруды Комитет оның отырысында сайлаған қызметкер жүзеге асырады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді).*
8. Комитет хатшысы:
 - 1) Комитет отырыстарын дайындау және өткізу;
 - 2) отырыстарға материалдарды жинау және жүйелеу;
 - 3) Комитет отырысының күн тәртібін немесе Комитет мүшелерінің сырттай дауыс беруін қалыптастыру;
 - 4) Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберу;
 - 5) отырыстарды хаттамалау, сондай-ақ Комитет отырыстарының хаттамаларын (шешімдерін) кейіннен сақтау;
 - 6) қажеттілігіне қарай Комитеттің хаттамаларынан (шешімдерінен) үзінді көшірмелер беру;
 - 7) Комитет төрағасының немесе өзге мүшелерінің тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды орындау.
9. Комитеттің дербес құрамы, хатшы, сондай-ақ олардың орнындағы адамдар (қажет болған жағдайда) Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығымен белгіленеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен енгізілді және Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді).*

3 бап.

Комитеттің Функциялары

1. Биржаның клирингтік қызметін және орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыру бөлігінде тәуекелдерді бағалау, бақылау және басқару мақсатында Комитеттің ішкі құжаттарына сәйкес Биржа бөлімшелері Комитеттің қарауына ұсынған ақпарат негізінде Комитет:
 - 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мөндерін белгілейді;
 - 2) Биржа Басқармасына биржалық нарықтардағы клирингтік қатысушыларға жеке лимиттер мен шектеулерді белгілеу және қолдану бойынша ұсынымдар береді;
 - 3) бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық орнықтылық деңгейі және эмитенттің қаржылық орнықтылық деңгейіне қарай осы бағалы қағаздарды топтар бойынша бөлу туралы шешім қабылдайды;
 - 4) Биржа Басқармасына ішінара қамтамасыз етілген мәмілелерге рұқсат етілген қаржы құралдарының Тізіміне (Тізімнен) (Т+ тізімі) және ішінара қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде ескерілетін қаржы құралдарының Тізіміне (Тізімнен) (Т+ қамтамасыз ету тізімі) енгізу (алып тастау) бойынша ұсынымдар береді;
 - 5) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен алынған Биржа мүшелерінің қаржылық жай-күйін бағалау нәтижелерінің негізінде Биржа мүшелерінің рейтингтерін бекітеді (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 26 қарашасындағы шешімдерімен өзгертілді*);
 - 6) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қаржы құралдарына Т+ тізімін "қысқа сатуға тыйым салу" белгісін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
 - 7) қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшелерге олардың тиімділігін арттыру мақсатында нарықтық және несиелік тәуекелдерді басқару процестері мен рәсімдерін пысықтау жөнінде ұсынымдар береді;
 - 8) барлық биржалық нарықтарда шоғырлану тәуекелінің мониторингін жүзеге асырады;
 - 9) Биржа мүшелерінің төлем қабілетсіздігі жағдайларының мониторингін жүзеге асырады;
 - 10) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда бағалы қағаздардың есептік бағаларын айқындаудың өзге тәртібін қолдану туралы шешім қабылдайды;
 - 11) (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 26 қазанындағы шешімімен алынып тасталған*);
 - 12) қаржы құралдарын стресс-тестілеу нәтижелерін қарайды, сондай-ақ қаржы құралдарын стресс-тестілеу сценарийлерінің нәтижелері бойынша ұсынымдар береді;
 - 13) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды бағалау және параметрлерді белгілеу мәселелері бойынша өзге де шешімдер қабылдайды;
 - 14) (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен алынып тасталған*);
 - 15) (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен алынып тасталған*);
 - 16) клирингтік қатысушыға санатты белгілеу/өзгерту туралы Биржа Басқармасына ұсыныстар береді (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 26 қазанындағы шешімімен енгізілген*).

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)

2. Қазақстан Республикасының индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілік функциясын айқындау мақсатында Комитет:
 - 1) мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) мәмілелерді бөлу үшін мерзімділік диапазондарының санын және олардың шекараларын айқындайды;
 - 2) МБҚ кірістілігі функциясын қалыптастыру үшін мәмілелер іріктелетін уақытша кезеңді белгілейді;
 - 3) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес МБҚ репрезентативтік қисығын қалыптастыру үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады.
- 2-1. Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын анықтау мақсатында:
 - 1) бағалы қағаздардың кірістілігін есептеу үшін жоғарылату коэффициенттерінің мәнін белгілейді;
 - 2) нарықтық бағаларды есептеу әдістемесінде көзделген жағдайларда белгіленген көрсетілген әдістемеден өзгеше тәртіппен бағалы қағаздар бойынша нарықтық бағаларды анықтау туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда хаттамада бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын анықтаудың өзге де тәртібін қолдану негіздемесі, сондай-ақ осы тәртіп қолданылатын кезең көрсетіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 26 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

3. Комитет тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарайды, сондай-ақ Биржа Басқармасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)*.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы шешімімен өзгертілді, Биржа Басқармасының 2019 жылдың 14 мамырдағы шешімімен толықтырылды және Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

4 бап. Комитеттің жұмыс тәртібі

1. Комитеттің отырыстары күндізгі, сырттай және қашықтықтан нысанда тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Комитеттің кезектен тыс отырыстары қажеттілігіне қарай өткізілуі мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1-1. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде Комитет мүшелері Комитет төрағасы айқындаған дауыс беру күнінен кейін бір жұмыс күні ішінде дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, бюллетеньге қол қояды және Комитет хатшысына береді. Хатшы алынған бюллетеньдер негізінде осы Қағиданың 6 бабында көзделген тәртіппен Комитет отырысының хаттамасын дайындайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен енгізілген)*.
- 1-2. Комитеттің қашықтық нысандағы отырысы Ақпараттық технологиялар бөлімшесі ұсынған бейнеконференциялар өткізуге арналған қосымшаларды пайдалана отырып және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып өткізіледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен енгізілген)*.
2. Комитеттің отырысы оның Төрағасының немесе оның бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.:
 - 1) Комитеттің кез келген мүшесінің;

2) Басқарманың кез келген мүшесінің;

Комитет отырысы Комитет отырысының бастамашысы міндетті түрде шақырыла отырып өткізіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілді)

3. Комитет қызметін жүзеге асырған кезде Комитет мүшелері мен Комитет мүшелері болмаған және/немесе мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда оларды ауыстыруға уәкілетті адамдар арасында қашықтықтан қарым-қатынастың негізгі құралы электрондық пошта болып табылады.
4. Отырыстың күн тәртібін Комитет хатшысы ұсынылған материалдар негізінде қалыптастырады және Комитет Төрағасы бекітеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Комитет отырысын өткізу/шақыру туралы хабарламаны өткізу уақыты мен орны көрсетіле отырып, бекітілген күн тәртібі мен күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдар қоса беріле отырып, Комитет хатшысы комитет отырысы өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей комитет мүшелеріне электрондық пошта арқылы жібереді.
6. Комитет мүшесінің (мүшелерінің) ұсынысы бойынша Комитет отырысқа қатысушы комитет мүшелерінің көпшілігінің келісімі болған жағдайда және осы мәселелер бойынша барлық қажетті материалдар болған кезде күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді отырыста қосымша қарауға құқылы.
7. Комитет отырысының кворумы Комитет отырысына бір мезгілде қатысқан кезде айқындалады:
 - 1) Комитет мүшелері жалпы санының кемінде жартысы;
 - 2) Биржа Басқармасының кемінде екі мүшесі және Клиринг орталығының бір Басқарма мүшесі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілді)*;
 - 3) Биржаның клиринг бөлімшесінің өкілі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілді)*.

Аталған кворум болмаған жағдайда Комитет төрағасы отырысты ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілді)

8. Комитеттің шешімі отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комитеттің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 8-1. Осы Қағиданың 3 бабы 1 тармағының 1)-6), 10), 11), 13) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Комитет мүшелері дауыс беруге қатысудан бас тарта алмайды (қалыс қала алмайды) *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.
9. Комитет мүшесінің дауыс беру құқығын Комитеттің басқа мүшесіне немесе қызметкеріне беруге тыйым салынады.
10. Комитет отырысын бекітілген күн тәртібіне сәйкес Комитет төрағасы өткізеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.

11. Комитет отырысына қатысу үшін Комитет мүшелерінен басқа, дауыс беруге қатысу құқығы жоқ өзге де адамдар тартылуы мүмкін.

5 бап.

Комитет мүшелеріне материалдар дайындау және ұсыну

1. Материалдар мүдделі құрылымдық бөлімшелермен, ал қажет болған жағдайда Комитет мүшелерімен келісілуі тиіс.
2. Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша материалдар мыналарды қамтуға тиіс:
 - 1) ұсынылған мәселе бойынша қажетті ақпарат;
 - 2) түсіндірме жазба және осы Қағидаға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитет шешімінің жобасы;
 - 3) ұсынылған шешім жобасының қажетті есептері мен негіздемелері;
 - 4) Биржаның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары (қажет болған жағдайда);
 - 5) ұйымда тегін, атын және атқаратын лауазымын көрсете отырып, мәселені қарау үшін шақырылғандардың қатарына қосу қажет адамдардың тізімі (қажет болған кезде) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен өзгертілді);*
 - 6) басқа қажетті материалдар.
3. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша түсіндірме жазба қоса берілетін материалдармен бірге Комитет хатшысына отырыс өткізілгенге дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын электрондық құжат айналымы жүйесінде ұсынылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 5 маусымдағы шешімімен өзгертілген).*
4. Комитет хатшысына 3 тармақта белгіленген уақыттан кейін ұсынылған материалдар күн тәртібіне енгізілмейді, келесі отырысқа ауыстырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген талапты сақтамай, шұғыл және/немесе маңызды сипаттағы мәселені комитет отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешімді Комитет Төрағасы қабылдайды. Бұл ретте, мұндай мәселе бойынша материалдар комитет отырысының басынан кешіктірмей күн тәртібіне мәселе енгізілген Комитет хатшысына ұсынылуы тиіс.
5. Осы баптың 4 тармағының екінші абзацына сәйкес комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді қоспағанда, Комитет хатшысы Комитет отырысының күн тәртібіне енгізуге жататын мәселелер бойынша ұсынылған материалдардың осы Ереженің 2 тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етеді. Ұсынылған материалдар осы баптың 2 тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Комитеттің хатшысы материалды пысықтауды немесе қосымша материалдарды ұсынуды талап етуге тиіс.

6 бап.

Комитет отырысының хаттамасы

1. Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдері хаттамамен ресімделеді. Хаттаманы комитет хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жасауға және Комитеттің отырысқа қатысқан мүшелеріне келісуге ұсынуға тиіс.

Отырыс хаттамасын осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес комитет мүшелеріне келісуге жіберу электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген).*

Отырысқа қатысқан Комитет мүшелерінің хаттама жобасына ескертулері және/немесе ұсыныстары болған кезде Комитет хатшысы хаттаманы пысықтауға тиіс. Комитет отырысының хаттамасына Комитет төрағасы немесе осы отырыста комитет төрағасын алмастыратын Комитет мүшесі және Комитет хатшысы қол қояды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Комитет отырысының хаттамасында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:
 - 1) Комитеттің толық атауы және Биржаның атқарушы органының орналасқан жері;
 - 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
 - 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
 - 4) отырысының күн тәртібіне;
 - 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) және Комитеттің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.
3. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша немесе мәселені шешу жобасы бойынша Комитет мүшесінің ерекше пікірі дәлелдер көрсетіле отырып, комитет отырысының хаттамасында көрсетіледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Комитет отырыстары хаттамаларының түпнұсқалары, сондай-ақ Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Комитет хатшысында сақталады.
5. Комитет хатшысы Комитет шешімдерінің (тапсырмаларының) орындалуына бақылау мен мониторингті жүзеге асырады және олардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты Комитет Төрағасына тоқсанына кемінде бір рет береді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы шешімімен толықтырылды)*.

7 бап.

Комитеттің құқықтары мен жауапкершілігі

1. Осы Қағиданың 3-бабында көрсетілген функцияларды жүзеге асыру кезінде Комитеттің:
 - 1) осы Қағидамен, сондай-ақ бастамашыл тәртіпте және/немесе Биржа Басқармасының тапсырмасы бойынша оның құзыретіне жатқызылған кез келген мәселелерді алдын ала зерделеу және қарау;
 - 2) нарықтық және несиелік тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы шешімдерді әзірлеу үшін Биржаның құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпаратты сұратуға *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2018 жылдың 20 наурыздағы шешімімен толықтырылды)*;
 - 3) Комитеттің отырыстарына қатысу үшін Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін және/немесе сыртқы сарапшыларды тарту;
 - 4) басқармаға тиісті ұсыныстарды қабылдау;
 - 5) құрылымдық бөлімшелердің орындауына жататын міндетті сипаттағы тиісті шешімдер қабылдау *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)*;

- 6) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіп пен жағдайларда сараптамалық пайымдау негізінде шешім қабылдау *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен енгізілді);*
- 7) Комитет отырыстарында мәселелерді қарау нәтижелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге ұсынымдар беру *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен енгізілді).*
2. Комитет мүшелері және Комитет мүшелерін алмастыруға уәкілетті (құқығы бар) тұлғалар:
 - 1) тәуелсіз және объективті болу;
 - 2) Комитет мүшелерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты өздері алған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті және осындай міндетті бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
3. Комитет төрағасы, мүшелері және Комитет мүшелерін алмастыруға уәкілетті (құқығы бар) тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес қойылған мақсаттар мен функциялардың орындалуына жауапты болады.
4. Комитет мүшесі:
 - 1) Комитеттің өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес келетін мәселелерді қарауына бастамашылық ету;
 - 2) Комитет қарайтын мәселе бойынша толыққанды, негізделген пікірді қалыптастыру үшін қажетті және жеткілікті көлемде ақпарат алу;
 - 3) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен алынып тасталды);*
 - 4) Комитеттің отырыстарына қатысу үшін Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін және/немесе сыртқы сарапшыларды тарту;
 - 5) Комитет мүшесі ретінде оның алдына қойылған міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өзге де шараларды қабылдайды.
5. Комитет отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша материалдарды Комитет мүшелеріне уақтылы ұсыну үшін Комитеттің хатшысы жауапты болады.

Осы Комитеттің 2 бабы 1 және 2 тармақтарының талаптарын ескере отырып, Комитет құрамын бекіту туралы Биржа Басқармасы Төрағасының бұйрығына өзгерістерді уақтылы енгізу үшін тәуекелдерді басқару бөлімшесі жауапты болады.

Комитет мүшелері мен хатшысы Комитет жұмысында өз функцияларын орындау кезінде алынған құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)

8 бап.

Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағидаға өзгертулердің және/немесе толықтырулардың (өзектілендірудің) уақтылы енгізілуі үшін жауапкершілік тәуекелдерді басқару бөлімшесіне жүктеледі.
2. Осы Қағида қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.

Осы Қағида қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қарауға жатады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 08 сәуірдегі және 2024 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен өзгертілді).

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Нарықтық тәуекелдер жөніндегі
Комитет туралы қағидаға

1 қосымша

**Сұраққа "[Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің қарауына енгізілген
сұрақтың атауы]"
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

(осы тақырып Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген)

Түсіндірме жазбаның негізгі мәтіні мәселені Нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитеттің отырысына енгізу негіздерін, мәселенің мәнін ашуды, есептеу әдістемесін таңдау негіздемесін көрсете отырып (егер мәселе осындай таңдауды көздеген жағдайда) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 05 маусымдағы шешімімен өзгертілген)*.

* * *

Нарықтық тәуекелдер жөніндегі Комитет шешімінің жобасы

Бір абзацтан тұратын шешім жобасы.

немесе

Бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасы:

- 1) бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасының бірінші тармақшасы;
- 2) бірнеше тармақшалары бар бір абзацтан тұратын шешім жобасының екінші тармақшасы;
- 3) ...

немесе

1. Бірнеше тармақтан тұратын шешім жобасының бірінші тармағы.
2. Бірнеше тармақтан тұратын шешім жобасының екінші тармағы.
3. ...

Лауазымы

(бөлімше басшысы)

(қолы)

Тегі және аты-жөні